**"Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын қызметтік жануарлармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 404 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 9 тамыздағы № 696 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 тамызда № 19228 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 7 қазандағы № 752 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2025 № 752 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын қызметтік жануарлармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11270 болып тіркелген, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын қызметтік жануарлармен қамтамасыз етудің заттай нормаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөліністерін жылқылармен қамтамасыз ету";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімшелерін жылқыларды өсіру бойынша қамтамасыз ету".

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімшелерін қызметтік иттермен қамтамасыз ету".

| Р/с | Күзет объектілерінің ( бөлімнің, бөлім | | Иттердің санаты | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | |

| № | шенің) атауы және олардың сипаттамасы | Өлшем бірлігі | Іздеуші | Патрульдік-іздеуші | Қарауылдық | Есірткі іздеуші | Мина іздеуші | Шабуылдаушы | Іздеуші-құтқарушы | Асыл тұқымды | Күшіктер | Жөндеудегі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 2. | **1 - параграф . Маңызды мемлекеттік объектілерді күзету жөніндегі әскери бөлімдер ( бөлімшелер)** | | | | | | | | | | | |
| 1. | Тәуліктік күзеті бар тұрақты объект | бірлік | 2 | 3 | 1 | - | 2 | - | - | - | - | - |
| 2. | Тәуліктік күзеті бар тұрақты объектінің көлікті өткізу жөніндегі бақылау-өткізу пункті | бірлік | - | 3 | - | - | 2 | - | - | - | - | - |
| **2 - параграф . Қылмыстық-ат** | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **қару жүйесі мекемелерін күзету жөніндегі әскери бөлімдер (бөлімшелер)** | | | | | | | | | | | | |
| 3. | Тәуліктік күзеті бар тұрақты өндірістік объект | бірлік | 2 | 4 | 7 | 1 | - | - | - | - | - | - |
| 4. | Жеке тұрақты өндірістік объект, бір ауысымда жұмыс істейтін тұрақты құрылыс және уақытша объект | бірлік | - | 3 | 6 | - | - | - | - | - | - | - |
| 5. | Тәуліктік күзеті бар тұрақты объектінің көлікті өткізу жөніндегі | бірлік | - | 3 | - | - | - | - | - | - | | - |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау-өткізу пункті | | | | | | | | | | - | |
| 6. | Өмір бойына бас бостандығынан айырылған және өлім жазасына кесілген сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі 1 корпусқа | бірлік | 1 | 2 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 7. | Объектіні тәуліктік күзетуді жүзеге асыратын бөлімшенің із кесу тобы | бірлік | - | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **3 -** | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **параграф. Айдауылдау жөніндегі әскери бөлімдер (бөлімшелер)** | | | | | | | | | | | | |
| 8. | Айына қарсы қарауылдарды тағайындаған кездегі айырбастау пункті: | | | | | | | | | | | |
| | 1) 10-ға дейін | бірлік | - | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| | 2) 15-ке дейін | | 1 | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| | 3) 20-ға дейін | | 1 | 2 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| | 4) 25-ке дейін | | 1 | 3 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| | 5) 25-тен астам | | 1 | 4 | | | | | | | | |
| 9. | Сотталғандармен күзетпен ұсталатын адамдарды сот және жоспарлы автожол қарауы | бірлік | 1 | 1 | - | - | - | - | - | - | | - |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | лдарында айдауылмен алып жүруді жүзеге асыратын бөлімше | | | | | | | | | | - | |
| **4 -параграф. Арнайы моторландырылған әскери бөлімдер (бөлімшелер) мен жедел мақсаттағы әскери бөлімдер (бөлімшелер)** | | | | | | | | | | | | |
| 10. | Жедел мақсаттағы батальон | бірлік | 1 | 4 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 11. | Жедел мақсаттағы бөлімнің (бөлімшенің) әскери жедел резерві | бірлік | - | - | - | 1 | 1 | - | - | - | - | - |
| **5 -параграф. Арнайы** | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **мақсаттағы әскери бөлімдер (бөлімшелер)** | | | | | | | | | | | | |
| 12. | Арнайы мақсаттағы жасақ | бірлік | 1 | - | - | 1 | 1 | 3 | - | - | - | - |
| 13. | Арнайы мақсаттағы топ | бірлік | 1 | - | - | - | 1 | 1 | - | - | - | - |
| **6 - параграф . Төтенше жағдайларды жою жөніндегі азаматтық қорғаныс бөлімдері (бөлімшелер)** | | | | | | | | | | | | |
| 14. | Құтқару құралымдары кинология қызметінің бөлімшесі ( есептоптары) | бірлік | 1 | - | - | - | 1 | - | 4 | - | - | - |
| **7 - параграф . Кинологиялық** | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **орталық, қызметтік тұқымды иттерді өсіру және көбейту жөніндегі питомник** | | | | | | | | | | | | |
| 15. | Кинология қызметінің мамандарын даярлау жөніндегі оқу взводы (тобы) | бірлік | 1 | - | - | - | - | - | - | - | - | 1 курсантқа |
| 16. | Қызметтік тұқымды иттерді өсіру және көбейту питомнигі (асыл тұқымды иттері бар бөлімше), мынадай есеппен: | | | | | | | | | | | |
| | 1) екі асыл | бірлік | - | - | - | - | - | - | - | - | | 8 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұқымды итке | | | | | | | | | 10 | |
| | 2) он асыл тұқымды итке | бірлік | - | - | - | - | - | - | - | 30 | 25 |
| | 3) жиырма асыл тұқымды итке | бірлік | - | - | - | - | - | - | - | 60 | 50 |
| | 4) қырық бес асыл тұқымды итке. | бірлік | - | - | - | - | - | - | - | 90 | 76 |

Ескертпе:

1. Бір кинолог-маманға бір қызметтік ит бекітіліп беріледі, ерекшелікті мыналар құрайды:

1) қарауылдық иттер - бір кинолог-маманға үш итке дейін бекітіліп беріледі;

2) есірткі іздеуші иттер - оларды қолдана отырып орындалатын қызметтік міндеттер болмашы көлемде болған кезде негізгі қызметтік мақсаты бойынша пайдаланылатын бекітілген қызметтік иті бар бөлімшенің бір кинолог-маманына бекітіліп беріледі;

3) қызметтік тұқымды иттерді өсіру және көбейту жөніндегі питомникте асыл тұқымды иттер мен күшіктерді (штат санында асыл тұқымды иттер бар бөлімшелерде) қызметтік жүктемені тең бөлуді қамтамасыз ету есебінен кинолог-маманға бекітіліп беріледі.

2. Оқу орталықтарындағы даярлау (қайта даярлау) курстарына кинолог-мамандар бекітіліп берілген қызметтік иттермен жіберіледі. Қажет болған жағдайда курсанттарға оқу орталығының иттері бекітіледі

3. Қызметтік иттердің шекті жасы 8 жыл 3 ай болып табылады, одан кейін оның бұдан әрі жұмысқа жарамдылығын арнайы комиссия айқындайды. Шекті жасқа толғаннан кейін қызметтік иттер қызметтік мақсаттарда пайдалануы бойынша басқа немесе белгіленген қызмет мерзімі өткеннен кейін денсаулық жағдайына, кемістігіне және кемтарлығына байланысты жұмыс қабілетін жоғалтуы салдарынан қызметтік мақсатта пайдалануға жарамсыз санатқа ауыстырылады, одан кейін есептен шығарылады.".

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "Қазақстан Республикасының заң шығару және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2)және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты* *Е. Тургумбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
___________________________
2019 жылғы "___" _________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК